

**Қызылорда медициналық жоғары колледжі
63-топ, «Мейірбике ісі» қолданбалы бакалавриат**

Өмір сүру сапасы

Курс атауы: «Функционалды мүмкіншіліктерді жақсарту»
Курс жетекшісі: Жундабекова С.С
Орындағандар: Мырзабек Айдана
Матова Бақытгүл
Өтепбергенова Гүлжанат
Саим Ләйлә
Тәңірберген Айкүміс



ЖОСПАР:

I. Кіріспе

Өмір сүру сапасы туралы анықтама

II. Негізгі бөлім

Өмір сүру сапасын бағалау;

Өмір сүру сапасының концепциясы;

Маслоу қажеттіліктері;

III. Қорытынды

IV. Ақпарат көзі



Өмір сүру сапасы — адам қажеттіліктерін қанағаттандыратын жайлылық дәрежесі.



Өмір сапасы адамдардың алуан түрлі материалдық, рухани, зияткерлік, мәдени, эстетикалық және басқа да қажеттіліктерінің тұтас кешенін қанағаттандыру дәрежесін көрсетеді.



Өмір сүру деңгейі — бұл адамның материалдық, рухани және мәдени мұқтаждықтарын қанағаттандыру деңгейін көрсететін әлеуметтік-экономикалық санат.

«Өмір сүру деңгейі» категориясын алғаш рет К.Маркс «Жалақы, баға және пайда» атты еңбегінде енгізілген. Ол осы категорияны халықтың, әлеуметтік топтардың материалдық, рухани және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесі мен деңгейінің әлеуметтік-экономикалық сипаты ретінде қарастырған.

Адамдардың өмір сүру деңгейін арттыруға қатысты мәселелерді зерделеуге көптеген экономисттердің жұмыстары арналды. Бұл саладағы зерттеулермен Кейнс, Котлер, Брю, Маслоу, Фишер теоретиктер айналысты.



«Өмір сүру деңгейі» экономикалық зерттеу объектісі ретінде оның басты міндеттері

адамның өмір сүру сапасын сипаттайтын көрсеткіштерді бағалау (салауатты өмір салтын жүргізу қабілеті, білім алу мүмкіншілігі, лайықты өмірге жеткілікті табыс көзі және жоғары кәсіби білімі);

халықтың баспанамен, ұзақ қолданылатын тұтыну игіліктерімен қамтамасыз етілуі;

атаулы және нақты табыстарды зерттеу;

әлемнің әр түрлі елдеріндегі өмір сапасы мен оның деңгейін бағалау арқылы ел аралық салыстыру жүргізу;



Өмір сүру деңгейі:

Тұтынулар жиынтығы мен оның даму деңгейі (табыстар, баспана, азық-түлік, ең қажетті бұйымдар, білім, денсаулық, қажетті қызметтер).

Республикамызда өмір сүру деңгейін бағалау үшін 11 негізгі әлеуметтік-экономикалық индикаторлар негізге алынады, олар

- 1) үй шаруашылықтарың жалпы түзетілген табысы: халықтың жан басына шаққандағы жалпы түзетілген табысы және жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім;
- 2) үй шаруашылықтарының нақты түпкілікті тұтынуы: жан басына шаққанда және өткен жылға пайызбен;
- 3) жан басына шаққандағы айлық ақшалай табыс;
- 4) жан басына шаққандағы халықтың нақты қолда бар ақшалай табыстары, өткен жылға пайызбен;
- 5) айына 1 жұмысшының атаулы жалақысы;
- 6) өткен жылға пайызбен 1 жұмысшының нақты жалақысы;
- 7) есептелген айлық зейнетақының орташа мөлшері;
- 8) өткен жылға пайызбен зейнетақының нақты мөлшері;
- 9) айына жан басына шаққандағы күнкөріс шегі;
- 10) айына еңбек ақының ең төменгі мөлшері;
- 11) айына зейнетақының ең төменгі мөлшері.



- **Өмір сапасын анықтау экономикасы жаңа дамыған елдердің денсаулық сақтау ісінде кеңінен жайылған.**

- Олар қоладанады:
 - Қоғам денсаулығын мониторингінде және популяциялық зерттеулерде
 - Денсаулық сақтауда реформа мен бағдарламаның нәтижелілігін анықтауда
 - Клиникалық зерттеулерде, яғни, жаңа дәрілік препараттар мен емдеу әдістерінің сапасын анықтағанда
 - Клиникалық тәжірибесе, дәстүрлі емдеу әдістерінің эффективтілігін бағалауда
 - Формаэкономикада
 - Денсаулық сақтау экономикасында.



Соңғы жылдарда өмір сапасын анықтау отандық денсаулық сақтауда кеңінен қолданылып келеді және келесідей мүмкіндіктерді іске асыруға көмектеседі:

- ✓ Емдеу әдістерін стандартизациялау
- ✓ Көптеген дамыған қалаларда қабылданған халықаралық критерийлерді қолданып орындайтын жаңа емдеу әдістерін экспертизациялауда
- ✓ Емдеудің ерте және кеш қорытындысын ескере отырып ауру жағдайның толық индивидуалды мониторингтік қамтамасыз ету
- ✓ Аурудың ағымы немесе соңының прогностикалық моделін ұйымдастыру
- ✓ Қауіп топтарын анықтаумен жүретін медико-әлеуметтік популяциялық зерттеуді жүргізу
- ✓ Паллиативтік медицинаның фундаментальды принциптерін ұйымдастыру
- ✓ Қауіп топтарын динамикасын бақылау және профилактикалық бағдарламаларының бағасын қамтамасыз ету
- ✓ Жаңа емдік препараттардың экспертизация сапасын жоғарлату



Өмір сүру сапасының концепциясы

Өмір сапасын анықтау концепциясын алғаш рет 1967 жылы БҰҰ мамандары ұсынды. Ол мына фактор бойынша анықталды:

- ✓ Тағам өнімдерін қолдану
- ✓ Білім алу
- ✓ Жұмысбастылық
- ✓ Еңбек шарты
- ✓ Тұрғын үймен қамту
- ✓ Әлеуметтік қамтамасыз ету
- ✓ Киім
- ✓ Бос уақыт
- ✓ Адам құқығы

Бұл жүйе өмір сүру сапасын түрлі деңгейде анықтайтын ең тиімді жүйе болып табылады..



Өмір сүру сапасының концепциясы

1. Көп өлшемділік

Денсаулыққа қатысты өмір сүру сапасы, қандай да бір аурудың асқынған немесе асқынбаған екендігі бағаланады. Бұл науқасқа аурудың және емнің әсерін бағалауға көмектеседі.



2. Уақыт бойынша өзгергіштік

Денсаулықпен сабақтас өмір сапасы уақыт бойында науқастың жай-күйіне байланысты өзгеріп тұрады. Өмір сапасы туралы деректер сырқаттың жағдайына тұрақты мониторинг жүргізуге және қажет кезде терапияны түзетуге мүмкіндік береді.



3. Науқастың өз жай-күйін бағалауға қатысуы

Бұл құрамдас бөлік аса маңызды. Науқастың өзі жасаған денсаулықпен сабақтас өмір сапасын бағалауы. Оның жалпы жай-күйінің бағалы көрсеткіші болып табылады. Өмір сапасы туралы мәліметтер дәстүрлі дәрігерлік қорытындымен қатар дерттің толық суретін және оның ағымының болжамын (прогнозын) құрастыруға жол ашады.



Қазіргі таңда концепцияның түрлері өте көп,бірақ 5 негізгі концепция түрін ажыратады.

- **Физиологиялық:** аштық, шөл,қозғалыс,демалу т.б.
- **Қауіпсіздік:** өмір сүруге қауіпсіздік, комфорт, өмір сүру жағдайларының тұрақтылығы.
- **Әлеуметтік:** әлеуметтік байланыс, тілдесу, жақындық, басқаға және өзіне көңіл бөлу, бірге жұмыс істеу.
- **Абыройлық:** өзіне құрмет, сырт адамдардан құрметке ие болу, басқалар мойындап абыройлы болу, табысқа жету мен жоғары баға алу, қызметте өсу.
- **Рухани:** тану, өзін орнын табу, өзіндік сипаттау, өзін өзі тану.



Өмір сапасын анықтау медициналық көмектің сапасын бақылауда да маңызды рөл атқарады. Өмір сапасын зерттеу медициналық көмек көрсету жүйесінің нәтижелілігін анықтайтын әмбебапты жоғарғы информативті құрылым болып табылады және науқас жайлы объективті баға береді.

Өмір сүру сапасын анықтаудың ең тиімді әдісі – халық арасында **сауалнама** алу. Сұрастыру барысы жалпыға бірдей, халық денсаулығының ауруға байланысты бұзылуын анықтау үшін қолданылады.



Сауалнамаға қойылатын талаптар

Әмбебап (денсаулыққа қатысты өмір сапасының параметрлерін қамтитын болуы керек);

Сенімді (өмір сүру сапасын жеке сипаттамаларын түзетуге, денсаулық сақтауға қатысты);

Жаңғыртылатын
(тест-ретест);
Пайдалануға қарапайым;

Бағаланатын
(денсаулығына байланысты өмір сапасының параметрлерін бағалау).

Стандартталған
(Респонденттердің барлық топтары үшін сұрақтар мен жауаптар бірыңғай стандартты нұсқасы ұсынылады);



Сауалнама классификациясы

- Арнайы деңгей бойынша
 - Жалпы сауалнама
 - Арнайы сауалнама
- Құрылымы бойынша
 - Профильді
 - Индексті



Жалпы сауалнамалар

- Дені сау және ауруына байланысты өмір сапасын бағалауға арналған.
 - SF-36
 - WHOQoL-100
 - Sickness Impact Profile
 - Nottingham Health Profile
 - EuroQoL-5D



Арнайы сауалнамалар

- Бұл сауалнамалар арнайы категория және топтағы пациенттердің өмір сүру сапасын анықтауға арналған.
 - Gastrointestinal Symptom Rating Scale
 - Arthritis Impact Measurement Scale
 - Functional Assessment of Multiple Sclerosis
 - Oral Health Quality of Life



Қорытынды:

Халықтың өмір сүру деңгейі – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттайтын басты көрсеткіш болғандықтан, оның құрамындағы әлеуметтік топтар мен үй шаруашылықтарының табыстарын, халықты әлеуметтік қамсыздандыру, материалдық игіліктер мен қызметтерді тұтыну, өмір сүру жағдайлары сияқты көрсеткіштерді зерттеу жөн.

Ақпарат көзі:

1. «ҚОЛДАНБАЛЫ ЭКОНОМИКАНЫ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ» ЖЕКЕ МЕНШІК МЕКЕМЕСІ
ЧАСТНОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ЦЕНТР ИССЛЕДОВАНИЙ
ПРИКЛАДНОЙ ЭКОНОМИКИ» журнал

2. <http://vestnik.kazntu.kz>

3. <http://bilimdiler.kz>

4. <http://www.studfiles.ru>

5. <https://infourok.ru>

